

ТУУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

рель Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тердің және совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Көктемгі егісті және басқа ауылшаруашылық жұмыстарын үлгілі өткізейік! Колхоздар мен совхоздардың барлық егіс көлемінде мол өнім өсірейік!

(БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы Бірінші Майға арнаған ұрандарынан).

ық Комитетінің 1952 інші Майға арнаған АНДАРЫ

лық елдердегі
қарсы, бейбітші-
лықтарға туыс-
тия елдерінің ең-
табыстарға ие
ты күші—Қытай
дығы мен тәуел-
туысқандық сәлем!
ң базасына ай-
н Германияның
ті үшін!
ы, өз Отанының
қан Югославия-
және тәуелсіздігі
!
алықтарының со-

31. Тамақ және ет-сүт өнеркәсібінің қызметкерлері! Жоғары сапалы тамақ өнімдерінің өндірісін ұлғайтыңдар! Халыққа қантты, майды, етті, сүтті және басқа азық-түлікті көп берейік!
32. Балық өнеркәсібінің қызметкерлері! Балықты неғұрлым көп аулаңдар, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, түр-түрін көбейтіңдер! Балық аулау флоттары мен құралдарын пайдалануды жақсартыңдар!
33. Жергілікті өнеркәсіптің және кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Жергілікті шикізаттан кепшілік қолды товарларды көп шығарыңдар! Бұйымдардың өзіндік бағасын арзандатыңдар, олардың сапасын жақсартыңдар! Еңбөкшілердің тұрмыс қажетін жақсы өтеңдер!
34. Совет геологтері! Ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлы тәжірибені геологиялық-барлау жұмыстарында батыл қолданыңдар! Отанымыздың сарқылмас мол кен байлықтарын тезірек табыңдар!
35. Темір жол транспортының қызметкерлері! Тасымалдың көлемін ұлғайтыңдар және өзіндік бағасын кемітіңдер! Поездардың жүру графигін тыңғылықты орындаңдар! Локомотивтердің орта тәуелділік жүрісін арттырыңдар, вагондардың айналымын тездетіңдер, жүретін составтар мен жолдарды жөндетудің сапасын жақсартыңдар! Темір жол құрылысының қарқынын арттырыңдар! Жолаушыларға жақсы қызмет етіңдер!
36. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Порттар мен пристаньдардың тыңғылықты жұмыс істеуін ұйымдастырыңдар, флоттардың график бойынша жүруін қамтамасыз етіңдер! Кемелердің айналымын тездетіңдер, тасымалдың көлемін арттырыңдар және өзіндік бағасын арзандатыңдар!

МАЙ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ КҮНДЕРДЕ Дала жұмыстарына кірісті

Соңғы күндері «Гигант» колхозының (Булаев ауданы) егіншілері де пар мен зябь жыртылған жерлерді ерте тырмалауды қолға алды. Бұл жұмыс негізінен трактор агрегаттарының күшімен атқарылып жатыр. Осының арқасында мұнда алғашқы бір жұмыс күнінің өзінде 100 гектар пар мен зябь тырмаланып, ылғалмен қамтамасыз етілді.

Пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалауда тракторшылар М. Шорная мен П. Перепельцын жолдастар үздік еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетті. Бұл екеуі Бірінші-май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшта-сып, тракторды үздіксіз жұмысқа қос-ты да, 100 гектар пар мен зябьті тыр-малады.

Осымен қабат, колхоз егіншілері жер жырты бастады. Кәзір жер жырту-да 3 «ЧТЗ» тракторы жұмыс істеп жүр.

Бұл тракторлармен 40 гектар жер жыр-тылды.

Айта кету керек, осының алдында хабарланғандай, бұл колхоз көктемгі егіске бірсыдырғы тыңғылықты әзірлік жүргізгеніне қарамастан, көктемгі дала жұмыстарына кешігіп кірісіп, жұмыс уақытының біразын босқа өткізіп алды. Егер колхоз басшылары көктемгі дала жұмыстарының уақытылы басталуын қам-тамасыз еткен болса, онда табыс кәзір тіден әлде қайда артық болатын еді. Колхоз басшылары алдағы уақытта мұн-дай кемшіліктердің қандайына ғана болсын жол бермеуге тиіс.

Көктемгі дала жұмыстары «Новый путь» және Сталин атындағы колхоз-дарда да басталды.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Қар суын бөгеу жоспары орындалды

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Б(б)П Орталық Комитеті «1952 жылы республиканың су шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беруде тиімді су қорларын тиімді пайдала-

жерге көктемгі тасқын судың бөтелуін қамтамасыз етті. Қар суын тоқтатуда. У. Есілбаева және Ә. Баймаханов сияқты колхозшылар өнімді еңбек етті де, күрделі табыстарға жетті. Олар тағайындалған сменалық тапсырмаларын үнемі орындап отырып

мен техниктері! Сквозиналарды тезірек бұрғылаңдар, жаңа мұнай шығатын орындарды тезірек меңгеріңдер! Жаңа кәсіпшіліктер мен мұнай айыратын заводтар салу қарқынын күшейтіңдер! Социалистік шаруашылық үшін жоғары сапалы мұнай өнімдерін көп беріңдер!

21. Қара металлургия мен түсті металлургияның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Өндіріс қуаттары мен механизмдерді пайдалануды жақсартыңдар, өндіріс технологиясын жетілдіріңдер, еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін қолданыңдар! Шойын, болат, прокат және түсті металлургия өндіруді үздіксіз арттыра беріңдер!

22. Электр станцияларының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа энергетикалық қуаттарды қатарға тезірек қосыңдар! Жаңа техниканы кең қолданыңдар! Халық шаруашылығын электр қуатымен үздіксіз жабдықтаңдар!

23. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жетілдірілген жаңа машиналарды, аспаптар мен жабдықтарды өндіруді тез меңгеріп, арттыра беріңдер! Халық шаруашылығын алдыңғы қатарлы техникамен жабдықтаңдар!

24. Автомобиль және трактор өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа техниканы өндірісте кең қолданыңдар, металды үнемдеу үшін күресіңдер, жасалатын машиналардың сапасын жақсартыңдар! Елімізге автомобильдер мен тракторларды көп берейік!

25. Химия өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Өндіріс әдістерін жетілдіріңдер, өнімнің өзіндік бағасын арзандатыңдар! Химия заттарын өндіруді арттырыңдар, олардың түр-түрін көбейтіп, сапасын жақсартыңдар!

26. Кеме жасау өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа кемелерді қатарға тез қосыңдар, кеме жасаудың сапасын арттырыңдар! Совет мемлекетінің қуатты флотын жасайық!

27. Құрылысшы жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктері! Құрылыстың индустриялық әдістерін кең қолданыңдар! Құрылыстың бағасын арзандатып, сапасын арттырыңдар. Кәсіпорындарының, тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс мекемелерінің қатарға қосылуын тездетіңдер!

28. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Коммунизм құрылыстары үшін, өнеркәсіппен тұрғын үйлер құрылысы үшін құрылыс материалдарын өндіруді мейлінше арттырыңдар! Материалдардың жаңа түрлерін жаппай өндіруді меңгеріңдер, техниканы толық пайдаланыңдар!

29. Орман, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Ағаш дайындау мен ағызуда механизмдерді пайдалануды және еңбек ұйымдастыруды жақсартыңдар! Еңбек өнімділігін тынбастан арттырыңдар! Елімізге ағаш материалдарын, мебельдерді, қағазды көп берейік!

30. Жеңіл өнеркәсіптің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Көпшілік тұтынатын товарлардың түр-түрін көбейтіңдер! Шикізатты үнемдеңдер, өнімнің сапасын жақсартыңдар және өзіндік бағасын арзандатыңдар! Халыққа матаны, аяқкиімдерді, киімдерді, трикотажды, тағы басқа товарларды көп беріңдер!

нөңіл бөліңдер!

47. Ғылыми мекемелер мен жоғары мектеп қызметкерлері! Ғылым мен техниканы жаңа зерттеулермен, жаңалықтар ашумен және жаңа өнер табумен байыта беріңдер! Ғылыми жұмыста творчестволық сын мен өзара сынды батыл күшейтіңдер! Өндіріс қызметкерлерімен ынтымақты күшейтіп, нығайтыңдар! Халық шаруашылығы үшін мамандар даярлауды жақсартыңдар!

48. Әдебиет, искусство, кинематография қызметкерлері! Өздеріңнің шеберліктеріңді тынбастан арттыра беріңдер! Ұлы совет халқына лайықты жоғары идеялы жаңа керемет шығармалар жасаңдар!

49. Мұғалімдер мен мұғалімалар, халық ағарту қызметкерлері! Оқушылардың ғылым негіздерінің білімдерімен қаруландырыңдар! Жастарымызды советтік Отанымызды шексіз сүй рухында тәрбиелеңдер, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын даярлаңдар!

50. Медицина қызметкерлері! Халыққа медициналық қызмет етуді жақсартыңдар! Озат ғылым негізінде білімдеріңді жетілдіре беріңдер! Советтік медицина ғылымының табыстарын практикаға енгізіңдер!

51. Совет кәсіподақтары! Әрбір кәсіпорнының мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысын неңінен өрістетіңдер! Өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін таратыңдар! Жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан әрі арттыра беруге қажымай қамқорлық көрсетіңдер!

Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

52. Совет әйелдері! Ұлы советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін жаңадан гүлдендіре беру үшін, күш-қуатын нығайта беру үшін күресіңдер! Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — совет әйелдері жасасын!

53. Коммунизмнің жас құрылысшыларының алдыңғы қатарлы отряды, коммунистік партияның сенімді көменшісі және резерві Ленин — Сталин комсомолы жасасын!

54. Совет жігіттері мен қыздары! Ғылымға, техникаға, мәдениетке жетіліңдер! Табанды, батыл болыңдар, қандай қиыншылықты болса да жеңуге әзір тұрыңдар! Өз еңбектеріңмен совет халқының коммунизм құрылысындағы табыстарын малайтыңдар!

Біздің даңқты совет жастары жасасын!

55. Пионерлер мен мектеп оқушылары! Білімге батыл және табандылықпен жетіліңдер! Лениннің—Сталиннің ісі үшін белсенді күрескерлер болуға әзірленіңдер!

56. Коммунистер мен комсомолецтер! Совет мемлекетінің күш-қуатын бұрынғыдан әрі арттыра беру үшін, біздің елімізде коммунизм орнату үшін күресушілердің алдыңғы қатарында болыңдар!

57. Еліміздің халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

58. Совет халқының ұрыстарда шыныққан авангарды, жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — коммунистердің ұлы партиясы, Ленин—Сталин партиясы жасасын!

59. Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті.

здыб тырмад
тырмалауда
істеп жүр. 7
А. Колос жо
жоғары төре

Де

Петропавл
молеттері ме
қарсаңында
гел ұштасып
тивін еңбек
бастап келед

Механикал
нің инициат
мол жастар
Ол бригадан
мының секр
қарады. Ата
ның әрбір м
әрбір емен
кіштермен а
лы тоқарі П
настырская
әрбір емен
280—400
Дено бойы
жолдас басқ

Шаруашыл
сыяқты Пет
қызметкерле
сін лайықты
рыс барған
қалалық сау
уашылық ес

Бұл дүкен
жұмысын б
былына күл
қызметкерле
товарларды
тындығын
ұйымдардан
товар қорла
рады. Үстімі
март айларь
тағайындап
дардан 270

ii ұйымдастырып, із өсірейік!

Мал өнімін арттыра берейік

ақырған аязы
қорықпайды.
да бастан

ығын аттаған
рінің алдында

жылдың сый
рек. Өзім мү-
мін, 100 сау
серт беремін
ол аброймен

м қой қыстан
андырған 550

Өзір төлдер
л өзінің мал-

н жақында
рсетті. Бір

өлемі бұлаң-
быр төпеді.

т мал қора-
дан кейін

сұлағы көрін-
тқынған жел,

қора-қораға
тті Жәкеңді.

ді. Қарт шо-
қоқ. Ол көп

қоқым шөп
інде түні бо-

жесінде қой-
дәтер болған

түші әйелі

ржәма екеуі

дың төлдері

АЛДЫБАЕВ.

ЫПСЫН


Мал өсірушілер малдан алынатын өнім мөлшерін арттыру жөніндегі өздерінің ұлғайтылған өндірістік міндеттемелерін осы күннің өзінде аброймен орындай бастады. Мәселен, аудан бойынша мемлекетке ет тапсыру жөніндегі жарты жылдық жоспар мерзімінен бұрын және артығымен орындалды. Осымен қатар, аудан колхоздары мен совхоздарында сүт тапсыру жөніндегі тоқсандық тапсырма 138,6 процент орындалды.

Сауын сыйырлардың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастыру нәтижесінде Куйбышев атындағы (председателі Волков жолдас), Буденный атындағы (председателі Доктионов жолдас), «Индустрия» колхозы және Мамлют асыл тұқымды мал совхозы сыяқты совхоздар, сүт дайындауда зор табыстарға ие болды. Мұндай шаруашылықтарда әрбір сауын сыйырдан сүт мейлінше көп алынды.

Куйбышев атындағы колхозда үстіміздегі жылдың өткен үш айы ішінде әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 295 литрден, Ленин атындағы колхозда әрбір сауын сыйырдан 197 литрден сүт сауылды. Бұл сүт дайындау жоспарының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етті.

Кәзір аудан колхоздары мен совхоздарының мал өсірушілері мал өнімдерін кәзіргіден де мол дайындау жолында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, қанаямай еңбек етуде. Бұл үшін олар малды бағын күту ісін бағыл жақсартуда, жұмыстың бұл учасігінде ғылым мен озат тәжірибе табыстарын шебер ұштастыруда.

Бірақ, бұл айтылғандардан ауданды



Асанов МТС-нің озат механизаторлары Бірінші Май қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, комбайн жөндеуді қызу жүргізуде.
СУРЕТТЕ: МТС-тің аға механигі И. Ляшевич (оң жақта) және комбайншы Л. Томас комбайн моторының жөндеуден кейінгі күшін байқап тұр.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Совет ауданында

Ана мен балаға

қамқорлық

Өткен жылы ауданда көп балалы және жеке басты аналарға жаңа туған балалары үшін барлығы 242.350 сом мемлекеттен жәрдем төленді. Бір жыл ішінде көп балалы 774 ана, жеке басты 310 ана 715.220 сом көмек алды. Үстіміздегі жылы жаңа туған балаларға, көп балалы және жеке басты аналарға балаларын тәрбиелеу үшін мемлекеттен ай сайын 85 мың сом мөлшерінде көмек беріліп отыр.

Механизация күші

артуда

Ауданның ауыл шаруашылығы жылдан-жылға қуатты жаңа техникамен қаруланып келеді. Быйылғы жетімше 15 атты күші бар трак-

шығаруда. Бұл мектеп соңғы 6 жыл ішінде 1160 тракторшы, механик-комбайншы және кең алымды шөп машиналарының машинанышыларын даярлап шығарды.

Жуырда мектептегі тракторшылар курсінде оқу жылы аяқталды. Сөйтіп, оны 62 адам бітіріп шықты. Мектептің механик-комбайншылар даярлайтын курсі майға дейін 78 механизатор даярлап шығарады.

Кәзір мектеп дирекциясы 1952—1953 оқу жылына оқушылар қабылдай бастады.

Сыйыр сауатын

электр машинасы

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің ақшадай табысының жылдан-жылға арта түсуіне байланысты бөлінбейтін қоры да нығайып келеді. Жақында артель мал шаруашылығындағы жұмыстарды ме-

ДЕМОКРАТ ЮРИСТЕРДІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ СОВЕТІНІҢ СЕССИЯСЫНДА КАБЫЛДАНҒАН, ХАУІПСІЗДІК СОВЕТІНЕ АРНАЛҒАН ҮНДЕУ

ВЕНА, 19 апрель. (СОТА). Демократ юристердің Халықаралық ассоциациясы Советінің сессиясында Хауіпсіздік Советіне арналған төмендегі үндеу бірауыздан қабылданды:

«Корей Халық -Демократиялық Республикасының үкметі бірнеше айлар бойына американ әскерлерінің істеп келе жатқан соғыстық қылмыстардың қайталануы жайында үнемі американ әскерлерін айыптап келеді.

Осы айыптауларды тексеру үшін демократ юристердің Халықаралық ассоциациясы Корей Халық-Демократиялық Республикасына юристерден құралған комиссия жіберді.

3 марттан 2 апрельге дейін демократ юристердің Халықаралық ассоциациясының комиссиясы алдымен Кореяда, сонан соң Қытайда болды.

Демократ юристердің Халықаралық ассоциациясының Советі бұл комиссияның баяндамаларын өзінің толық жауапкершілік сезімімен қарап зерттеді. Ол бұл баяндамаларда келтірілген дәлелдерді мұқият тексерді және шын сыры Нюрнбергте шығарылған үкіммен өшкерелгенге қылмыстарды қайта ашып айтуға мәжбүр болуды тиімді санайды.

Барлық материалды зерттей келіп, демократ юристердің Халықаралық ассоциациясының Советі былай деп мәлімдейді:

Демократ юристердің Халықаралық ассоциациясының комиссиясы ашқан фактілер американ әскерлерінің корей қарулы күштеріне қарсы ғана емес, сонымен бірге, Кореяның жай халықтарына қарсы жантүршігерлік қылмыс істегендігін дәлелдейді.

Бұл қылмыстар, атап айтқанда, мынадай: химиялық қару қолдану, жаппай қырып, жою, азаптау, зорлау, жеке адамдарды өлтіру, бейбіт халыққа қарсы әуе

Кәсіпорнының партия тобы

Қандай ғана өнеркәсіп орнында болсын, цех — партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстардың орталығы болып табылады. Өйткені, кәсіпорнына берілген мемлекеттік тапсырмалар цехта жүзеге асырылады. Сондықтан кәсіпорнының партия ұйымдары өзінің барлық жұмысын цехтағы адамдар арасында жүргізуге бағындыруға тиіс. Міне, бұл міндетті шешуде цех партия топтарының орасан зор роль атқаратындығы өзінен-өзі түсінікті.

Партия тобы өндіріспен, ондағы адамдармен, коммунистермен және партияда жоқ жұмысшылармен тығыз байланысты. Оған цехтағы жұмысшылардың жақсы жақтары мен кемшіліктері бірден-ақ көрініп тұрады. Партия тобының өз цехындағы жұмыстың барысына ықпал жасауына, әрбір жаңалықты деркезінде қолдап, таратып отыруына мүмкіншілігі жеткілікті. Сондықтан да партия тобы ішкі партия жұмысын дұрыс ұйымдастыра алса, қандай да болсын саяси-шаруашылық міндеттерді табысты шеше алатын болады.

Қаладағы жекелеген кәсіпорындарының партия топтары өз жұмыстарына осылай ұйымдастырып та жүр. Мысалға вагон жөндеу депосының вагондарды күрделі жөндеуден өткізу цехының партия тобын алайық.

Бұл партия тобының барлық ісін партия тобының ұйымдастырушысы Лузин жолдасының күнделігінен айқын көруге болады. Топтың әрбір жыйналасында қаралған мәселе, қабылданған қарар, оның орындалуы барысы күнделікке мұқият жазылып отырады. Осы күнделікке кіммен және қандай мәселе жөнінде келесі

күні әңгімелесу, ақылдасу керек екені жазылады.

Лузин жолдас барлық коммунистерді, сол сияқты, партияда жоқ жолдастарды партия тобының жұмысы мен цехтың қоғамдық өміріне белсене араласуға тартады. Цехтағы барлық коммунистер мен жұмысшылардың әрқашан тұрақты немесе уақытша тапсырмасы болуы осыны айқын дәлелдейді.

БК(б)П мүшесі, цех мастері Чернышов жолдас жұмысшылардың техникалық оқуын басқарады, коммунист Қажығұлиев — насихатшы, жұмысшылар Писарев пен Чернецов жолдастар саяси әңгімелер өткізеді, дауыстап газет оқыйды. Лузин жолдас осы тапсырмалардың орындалуын үнемі қадағалап бақылап отырады.

Вагондарды күрделі жөндеуден өткізу цехының партия тобының жыйналысында берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде жиі-жиі коммунистердің есебін тыңдау әдетке айналдырылған. Мәселен, февраль айында топтың жыйналысында қабырға газеті мен жауынгерлік листок тар шығару, олардың мазмұны, әсері жөнінде коммунистер Никонов пен Бубновтың есебі тыңдалды. Бұл әдіс коммунистер мен жұмысшылардың тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілігін арттырады.

Коммунистердің және цехтағы басқа жұмысшылардың жалпы және саяси-идеялық білім дәрежелерін үнемі арттырып отыру, партия тобының назар аударып отыратын мәселелерінің бірі. Коммунист Чернышов марксизм-ленинизм кешкі университетінде оқыйды. Бубнов — бол-

шевиктік партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен оқып үйренеді.

Топты ұйымдастырушының күнделігінен мынадай бір мысалды да кездестіруге болады. Партия мүшелігіне кандидат Қажығұлиев бір кезде саяси үйірменің сабағына өте сирек қатысып, нашар әзірленіп жүрген. Партия тобы және оның ұйымдастырушысы Қажығұлиевті қамқорлыққа алды, оған көмектесті. Ақыры ол сабақты жақсы үлгеріп, үнемі қатысып отыратын болды. Осы жағдайлардың бәрі партия тобының білім алу ісіне қандай жауапкершілікпен қарайтынын айқын көрсетеді.

Топ жыйналысты дайындауға және өткізуге ерекше көңіл бөледі. Қаралатын мәселелер алдын-ала мұқият дайындалады. Январь айында цех коллективінің жаңа техниканы пайдалануы ойдағыдай бола қоймады. Бұл жөнінде топтың жиі налысында арнаулы мәселе талқыланды, ол жыйналысқа қатардағы жұмысшылар да қатыстырылды. Топтағы жеткен, аса маңызды мәселелердің осылай уақытылы көтерілуі кемшіліктердің дереу ашылып, тез жойылуына себепші болып отырады.

Цехта үнемі дауыстап газет оқылады, әңгімелер өткізіледі. Сонымен қатар, И. В. Сталин жолдасының өмірбаянын үйрену жөніндегі үйірме жұмыс істейді. Айына төрт рет жұмысшылардың техникалық оқуы болады. Онда цех коллективі еңбектің озат әдістерімен, вагондарды жөндеудің алдыңғы қатарлы технологиясымен, еңбек пен техника қауіпсіздігін ұйымдастыру ісімен таныстырылады. Үгітшілер жұмысшыларға өткен күнді қандай жетістік-кемшіліктер болғандығын уақытылы баяндап отырады. Міне, осы шаралардың барлығы партия тобының еңбек тәртібін нығайтуға, цех

коллективінің ұйымшылдығы мен белсенділігін арттыруға, коллективтік стахановтық еңбек ету күресін күшейтуге жетісуіне мүмкіншілік берді.

Өндірістегі коммунистердің шын мәнінде аванградтық роль атқаруы партия тобы үшін зор табыс болып табылады. Сондықтан да топтың ұйымдастырушысы Лузин жолдас әрбір коммунистің цех өмірінің алдыңғы сапында болуын үнемі бақылап отыруы заңды іс. Мұндағы коммунистер тек стахановшылар ғана емес, сонымен қатар, олар еңбектің озат әдістерін бірден қолдап, бүкіл коллектив арасында кеңінен таратушылар. Подкорытов, Чернышев, Лузин, Бубнов жолдастар сияқты коммунистер әрбір өндірістік операцияны сапалы атқару жолындағы социалистік жарысқа алғашқылардың бірі болып ұштасып, оның бұқаралық іске айналуына күш жұмсап келеді.

Социалистік жарысқа бүкіл коллектив қатысады. Мұнда жарыстың қорытындысы бригадалар бойынша күн сайын, цех бойынша айына бір рет шығарылып отырады.

Бірақ, партия тобы тек саяси-бұқаралық және өндірістік жұмыстармен ғана шұғылданып қоймайды. Партия тобы жұмысшылардың материалдық-тұрмыстық мұқтаждарына да көңіл бөліп отырады. Бұл цехтың жұмысшыларынан партия тобының моральдық және материалдық көмек көрсеткені жөнінде көптеген фактілер естуге болады.

Сайып келгенде, аталған партия тобының ерекшелігі сондай — ол большевиктік партиямызға тән қасиетпен, яғни бұқарамен мейлінше жақын, тығыз байланыс жасай отыра жұмыс істейді.

Д. САҚТАҒАНОВ.

уақыттан бері мүлде ал, аудандық мәдени-менгерушісі Бойко басшылық жасай алмаптылып, мәдени-ағарту теп, қызметке орналасдық Совет атқомі таршілікке жол беріліп алынған болатын.

ҚК(б)П Полуденьнің секретары Камалет зет сыны бойынша т онда көрсетілген факталғандығын хабарлад

ҚК(б)П аудандық к ны өзінің бюро мәжлісконы партиядан шығармәдени-ағарту бөлімін босатқан. Бюро ауданмәдени-ағарту мекемел іріктеп алу ісіне жеңігендігін атап көрсеткенданда мәдени-ағарту сарту шаралары қараст

«УДАРНИК» кино

Бүгін және күн сайын

«ТАҒЫ БА

деген көркемсуретті

Сеанстар сағат 8-10

ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА

24 апрел

РОЗА БАҒЛА

гастролі

Ойын кешкі 9 сағат лады. Касса кешкі сағат ашық.

Билеттер концерт бюр

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редакцияның баспа бөлімі — 1-88, редакцияның баспа бөлімі — 1-89, редактордың орынбасары — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың орынбасары — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың орынбасары — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың орынбасары — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың орынбасары — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың орынбасары — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме